

Тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 6 маусым. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 27 қарашада N 222 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі Нұсқаулық

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы нұсқамалық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 Қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібіне" сәйкес әзірленді және тіркеу мақсаты үшін жер учаскелерінің бірыңғай жүйесін жүргізуге арналған.

1.2. Нұсқамалық тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің мазмұны мен тәртібін белгілейді.

1.3. Жер учаскесін мемлекеттік жер-кадастрлық кітабына жазу кезінде, учаске қазірше бүтін болып сақ тұрғанша сақталатын, Қазақстан аумағында қайталанбайтын оған жеке кадастрлық нөмір беріледі.

1.4. Тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлерді берудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның жергілікті органдары жүргізеді.

2. Кадастрлық нөмірді құрудың принциптері

2.1. Кадастрлық нөмір аумақтық есеп бірлігіне сәйкес 4 деңгейлік мынадай сатылық құрылымнан тұрады:

- облыстың немесе республикалық маңыздағы қаланың коды;
- әкімшілік ауданның немесе облыстық маңыздағы қаланың коды;
- есептегі кварталдың коды;
- жер учаскесінің нөмірі.

2.2. Кадастрлық нөмірдің бірінші деңгейінде әкімшілік облыстың немесе "Жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлерді қалыптастыру мақсатына арналған облыстар мен республикалық мақсаттағы қалаларға берілетін кодтардың тізбесіне" сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 қаулысына

1-қосымша) республикалық маңыздағы қаланың коды көрсетіледі.

2.3. Кадастрлық нөмірдің екінші деңгейінде әкімшілік ауданның немесе "Жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлерді қалыптастыру мақсатына арналған әкімшілік аудандар мен облыстық (аудандық) мақсаттағы қалаларға берілетін кодтардың тізбесіне сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 қаулысына 2-қосымша) облыстық маңыздағы қаланың коды.

2.4. Кадастрлық нөмірдің үшінші деңгейінде әкімшілік аумақтың бөлігі болып табылатын есептегі кварталдың немесе облыстық маңыздағы қаланың коды к о р с е т і л е д і .

2.5. Есепті кварталдардың шекаралары мен кодтарын сәулет және қала құрылысы органдарының келісімімен, сондай-ақ техникалық түгендеумен жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық комитеті анықтайды және кейінгі уақытта құқықтық кадастрда пайдалануға тиісті құзыретті атқарушы о р г а н б е к і т е д і .

2.6. Облыстардың, республикалық маңыздағы қалалардың, әкімшілік аудандардың, облыстық маңыздағы қалалардың және есептегі кварталдардың оларды қайта құру нәтижесінде шекаралары мен кодтарын өзгертуді оларды бекіткен атқарушы органдар жүргізеді.

2.7. Кадастрлық нөмірді құру барысында азаматтарға немесе заңды тұлғаларға меншікке, жерді тұрақты немесе уақытша пайдалануға берілген жер учаскесі негізгі бірлік болып табылады.

2.8. Есепті кварталдардың жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлерді жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық комитеттер береді.

2.9. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірінің құрылымына мынадайс кодтар ұ с ы н ы л а д ы :

- екі алғашқы саны облыстық немесе республикалық маңыздағы қаланың к о д ы н ;

- одан кейінгі үшеуі, алғашқы екеуінен сызықша белгісімен бөлінген, әкімшілік ауданның немесе облыстық маңыздағы қаланың кодын;

- одан кейінгі келесі үшеуі, сызықша арқылы бөлінген, әкімшілік аудандағы есепті кварталдың немесе облыстық маңыздағы қаланың кодын;

- бұрынғылардан сызықша белгісімен бөлінген, соңғы үш сан есепті кварталдың ішіндегі жер учаскесінің нөмірін білдіреді.

Кадастрлық нөмірді құру үлгісі:

0 2 - 0 2 1 - 0 4 3 - 1 1 1 - д е

0 2 - о б л ы с т ы қ к о д ы н ,

0 2 1 - а у д а н н ы қ к о д ы н ,

0 4 3 - е с е п т і к в а р т а л д ы қ к о д ы н ,

111 - жер учаскесінің нөмірін білдіреді.

3. Есепті кварталдарды белгілеу және оларға кодтар беру тәртібі

3.1. Есептегі кварталдардың шекараларын және кодтарын белгілеу үшін әуелі әкімшілік ауданның немесе облыстық маңыздағы қала ішіндегі есепті кварталдарды бөлуден тұратын кадастрлық аймақтандыруды (зонаға бөлу) жүргізу қажет.

3.2. Есептегі кварталдың шекаралары мен көлемін белгілеудің өлшемі болып, ондағы 999 жер учаскенің, соның ішінде 700 жер учаскесінің бар болуы болып табылады. Қалған 299 есептегі нөмірлер оларды жаңа жер учаскелеріне немесе қолда бар жер учаскелерін бөлу немесе оларды біріктіруде пайдаланылатын резервті нөмірлер болып табылады.

Жаңа жер учаскелеріне берілетін есепті нөмірлер резерві жергілікті жағдайға байланысты анықталады.

Егер болашақта қалалық немесе селолық тұрғындардың едәуір өсуі, бау бақша шаруашылығына жаңа жерлер бөлу, жерді интенсивті игеру, ауылшаруашылығы кәсіпорындарын қайта құру және т.б. көзделген жағдайларда есептегі кварталда жаңа жер учаскелеріне беру үшін нөмірлердің үлкен резервін қалдыру қажет. Жаңа жер учаскелерінің көп мөлшерде пайда болуы көзделмеген жағдайда есептегі кварталдағы олардың нөмірлерінің резерві болжамдағы пайда болатын жаңа жер учаскелеріне сәйкес 30%-тен (кем емес) резерв қабылданады.

3.3. Есептегі кварталдар болып төмендегілер есептелуі мүмкін:

- қалаларда - аудан, шағын (мөлтек) аудан, квартал;
- әкімшілік аудандарда - елді мекен немесе оның бөлігі, бау шаруашылығы кооперативі (серіктестігі), оның бөлігі бау шаруашылығы кооперативтерінің (серіктестіктерінің) жиынтығы, ауыл шаруашылығы кәсіпорны, олардың жиынтығы немесе бөлігі, линиялық объектілер: темір жол және автомобиль жолдары, байланыс, электрмен қамтамасыз ету желілері, бөлу жолақтары бар жер асты құбыр желілері, су шаруашылығы объектілері т.б.

Әкімшілік-аумақтық құрылымдарды есептегі кадастр бірлігіне енгізу схемасы N 1 қосымшада келтірілген.

3.4. Есептегі кварталдарға әртүрлі мақсатқа арналған жер учаскелері енгізілуі мүмкін.

3.5. Жер учаскелерінің санын анықтау, оларды қалаларда және басқа елді мекендердегі есептегі кварталдары бойынша бөлу үшін жерге есеп жүргізу құжаты, меншік құқына, жерді пайдалану құқығына актілер беру мәліметтерінің банкі, жеке үй құрылысының, өнеркәсіп және әлеуметтік-тұрмыстық объектілердің, жобалау және болжау жұмыстары бар инфрақұрылымдардың болуы туралы мәліметтер қолданылады.

Есептегі кварталдардың шекараларын белгілеу үшін елді мекендердің дамуы

мен құрылысының бас жоспары, масштабы есептегі кварталдың шекараларын белгілеуге жағдай жасайтын басқада картографиялық материалдар п а й д а л а н ы л а д ы .

3.6. Саны 700-ден аспайтын жер учаскелері бар селолық елді мекендерді жеке есептегі кварталдарға бөлу мақсатқа сай болады.

3.7. Бір есептегі кварталға саны жалпы алғанда 700-ден аспайтын бір алапта жинақы орналасқан бірнеше бау шаруашылығы кооперативтерін (серіктестіктерін) енгізуге болады. Учаскелердің санын бау шаруашылығы кооперативінің тізімі бойынша немесе алаптық жалпы көлемінің және бекітілген бау учаскесінің нормаларын есептеп бөлу арқылы белгілеуге болады.

3.8. Қазіргі уақытта жоспарлау - картографиялық материалдар ауылшаруашылығы кәсіпорындарының олар жекешелендіру және қайта құруға дейінгі шекаралар негізінде бар. Осыған байланысты, олардың аумақтарын, акционерлік қоғамдардың, ауыл шаруашылық кооперативтердің, шаруа қожалықтарының және басқа жер пайдаланушылардың (олардың бөліктерінің) жерлеріндегі ауыл шаруашылығына арналған.

Жер учаскелерінің санын анықтау барысында ауылшаруашылық кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру және қайта құру материалдары, шаруашылық жүргізудің жаңа нысандарын ұйымдастырудың өтіп жатқан процесі, учаскелер саны, ұйымдасып жатқан ауылшаруашылығы құрылымына келіп шаққанда (шаруа қожалығы, кооперативтер), осы кәсіпорындардың қызметкерлерінің және басқа селолық тұрғындардың шартты жер үлесінің барлығын, анықтау принциптері мен әдістері және басқа қолда бар м ә л і м е т т е р қ о л д а н ы л а д ы .

3.9. Бөлу жолақтары бар жер санатына жатқызылатын тиісті желілік объектілерді олардың қызмет маңызына қарай есептегі кварталдарға мақсатқа сай бөлуі керек. Темір жолдары, автомобиль жолдары, су шаруашылығы ғимараттары және т.б. жеке-жеке бөлінеді. Бұл жағдайда оларды бір есептегі кварталға біріктіру (мысалы: байланыс және электрмен қамтамасыз ету, газ және мұнай құбырлары объектілері) мүмкіндігі де естен шығарылмауы керек.

3.10. Ерекше табиғат қорғалатын аумақтарының, орман қорының және босалқы жерлер қажетті жағдайларда жеке немесе біріккен есептегі кварталдарға б ө л і н е д і .

3.11. Кадастрлық аймақтандыру жүргізілгеннен кейін, есептегі кварталдың саны мен атауы белгіленген соң, әкімшілік аудандағы немесе облыстық маңыздағы қалада есептегі кварталдарға берілетін кодтардың тізбесі жасалады (N 2 қ о с ы м ш а) .

3.12. Пайдалануға қолайлы болу үшін әкімшілік аудандардың ішіндегі есептегі кварталдарға кодтар беру барысында бұрынғы ауылшаруашылығы

кәсіпорындарының жер пайдалану шекаралары негізінде жүргізу қолайлы болады (кеншарлар, ұжымшарлар). Олардың шекаралары, негізінде есептегі кварталдарға кодтар беру мынадай тәртіпте жүргізіледі: а) елді мекендер, б) бау шаруашылығы кооперативтері (серіктестіктері), в) осы аумақтағы ауыл шаруашылығы кәсіпорнынан құрылған квартал.

Бұдан кейін темір жолдар, автомобиль жолдары, су шаруашылығының объектілері, электрмен қамтамасыз ету, байланыс желілері алып жатқан жер учаскелерінен құрылған есептегі кварталдарға кодтар беріледі.

Ерекше табиғи қорғау аумақтарының, орман қоры мен босалқы жер учаскелерінен құрылған есептегі кварталдарға кодтар берумен нөмірлеу а я қ т а л а д ы .

3.13. Есептегі кварталдардың орналасқан жері, көлемі, шекаралары мен кодтары әкімшілік ауданның немесе облыстық маңыздағы қаланың кадастрлық картасына (сызбасына) енгізіледі (N 3 қосымша).

Картографиялық материал ретінде жер пайдаланушылардың орналасу схемасы, әкімшілік аумақтың кезекші картасы, облыстық маңыздағы қаланың жоспары (сызбасы) және басқа да есептегі кварталдарды бейнелеуге қолайлы жағдай жасайтын масштабтағы жоспарлы негіздері пайдаланылуы мүмкін.

Қажетті жағдайларда кадастрлық карта (сызба) бірнеше бөлікке бөлініп жасалуы мүмкін. Интенсивті пайдаланылатын және көлемі бойынша көп емес есептегі кварталдар аумағында аса ірі масштабтағы картаның (сызба) үзiгi (ф р а г м е н т) ж а с а л а д ы .

Есептегі кварталдың атауымен кодын жазу мүмкін болмаған жағдайда олардың аттары, симаған есептегі кварталдардың тізімі картаға (сызбаға) б ө л е к т е п к ө р с е т і л е д і .

3.14. Әкімшілік аудандағы немесе облыстық маңыздағы қаладағы есепті кварталдарға берілетін кодтардың тізімін және кадастрлық картаны тиісті атқарушы органдары бекітеді және қаулымен ресімдейді.

4. Тіркеу мақсатында жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындау

4.1. Жер учаскелеріне кадастрлық нөмір беру жер учаскесіне меншік құқына және тұрақты жер пайдалану құқына акт жасау кезіндегі жұмыстардың б а р ы с ы н д а жү р г і з і л е д і .

4.2. Жергілікті атқарушы органның уақытша жер пайдалануға бөлінген жер учаскесі нақты түрде белгіленеді және жалдау шартын жасау жөнінде жұмыстардың барысында кадастрлық нөмір беріледі.

4.3. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі Қазақстан Республикасының аумағында қайталанбайтын жеке (дара) болады.

4.4. Жер учаскесі бірнеше бөлікке бөлу немесе бірнеше жер учаскелерін бір учаскеге біріктірген жағдайда бұрынғы нөмірлер жойылады және оған жаңа нөмірлер беріледі.

4.5. Барлық жер учаскелеріне меншік құқығы, жерді тұрақты немесе уақытша (бір жылдан аса мерзімге) пайдалану құқығы басқа меншік иесіне ауысқан жағдайда жер учаскесінің кадастрлық номері ауыстырылмайды.

4.6. Азаматтарға немесе заңды тұлғаларға аталған құқықтарда бұрын берілген жер учаскесінің шекарасын айқындау жаңа жер учаскесінің пайда болуы ретінде қаралмайды және оның кадастрлық номері ауыстырылмайды.

4.7. Егер есептегі кварталға жедел код беру объективті себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, осы кварталдың ішіндегі жер учаскелеріне уақытша кадастрлық нөмірлер беріледі. Бұл жағдайда мұндай кварталдың коды кадастрлық нөмірдің нақты есепті кварталдың шартты берілуін көрсетуге тиіс "9" санымен басталады. Есепті кварталдық заңды статусын одан кейінгі анықтау кезінде бұрын берілген шартты нөмірді көрсету арқылы оған нағыз код беріледі.

4.8. Жер учаскесінің кадастрлық номері Мемлекеттік кадастрлық кітапқа енгізіледі және ол есепті кварталдың кадастр картасына қойылады.

4.9. Жер учаскесінің орнын көлемін және шекараларын көрсетудің көрнектілігін және олардың шұғыл түрде есебін алуды қамтамасыз ету мақсатында кадастрлық карталар (сызбалар) сериясы бақылау жағдайында құрылады және ұсталады:

- осы нұсқаулықтың 2.2. тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының кадастрлық картасы (сызбасы) облыстар мен республикалық маңыздағы қалалардың шекаралары, атаулары мен кодтары көрсетілген. Картографиялық негізі ретінде Қазақстан Республикасының жер пайдалануларының орналасу кестесінің пайдаланылуы мүмкін;

- 2.3 тармаққа сәйкес облыстардың кадастрлық картасы (сызбасы) әкімшілік аудандардың және облыстық маңыздағы қалалардың шекаралары, атаулары және нөмірлері арқылы көрсетіледі. Жоспарлық негіз ретінде облыстық жер пайдаланудың орналасуының кестесі, облыстық маңызы бар қалалардың жоспарлы (кестесі) пайдаланылуы мүмкін;

- әкімшілік ауданның немесе облыстық маңызы бар қалалардың кадастрлық картасы (сызбасы) есепті кварталдардың шекаралары, атаулары және кодтары көрсетілуі арқылы. Оны әзірлеу тәртібі 3.13 тармақта баяндалған;

- есепті кварталдық кадастрлық картасы жер учаскелерінің шекаралары және нөмірлері көрсетілуі арқылы (N 4, 5 қосымшалар).

Есепті кварталдың кадастрлық картасының (кестесінің) картографиялық материалдары ретінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жер пайдалану жоспары, елді мекеннің жоспары (кестесі), бау шаруашылығы кооперативіндегі (

серіктестігіндегі), саяжай учаскелерінің орналасу кестесі, су шаруашылығы объектілерінің, жол желілерінің даму және орналасу кестесі, жер учаскелерінің желілік және көлемдік сипаттамаларын өзгертуге және өзгерістер енгізуге мүмкіндік туғызатын масштабта басқа картографиялық негіз пайдаланылуы мүмкін.

4.10. Есепті кварталдың кадастрлық картасында жер учаскелерінің шекаралары оны куәландыратын құқықты құжаттарға және тиісті масштабындағы карталарда (сызбаларда) жоспарларына сәйкес көрсетіледі.

4.11. Кадастрлық карталарды (сызбаларды) құрастыруды, жүргізуді және оған кейін енгізілетін жаңартуларды оларды бақылау жағдайында Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдары жүзеге асырады. Және осы материалдарды Әділет министрлігінің тіркеу органдарына береді.

4.12. Мемжеркомының аумақтық органы жер учаскесіне кадастрлық нөмір беру және мемлекеттік жер кадастрында есепке қою туралы тапсырыс берушіге (жер құқық қатынастарының субъектісіне) және тіркейтін органға жазба түрде хабарлайды. Тапсырыс берушіге Мемжеркомының аумақтық органы бекіткен, жер учаскесінің жаңа кадастрлық нөмірі кадастрлық картада (сызбада) өзгертулері көрсетілген есепті кварталдың кадастрлық картасының (сызбасының) тиісті бөлігінің көшірмесі беріледі.

Тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі

Нұсқаулыққа

ТОЛЫҚТЫРУ

Тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа толықтыру Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінулері қайта ұйымдастырылған жағдайда жер-кадастрлық аймақтандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін әзірленді.

Облыстардың әкімшілік шекаралары өзгерген немесе ол таратылған жағдайда қайта құрылған облыстың әкімшілік аудандарының кодтары олар Қазақстан Республикасының 06.06.96 ж. N 710 қаулысымен белгіленген тәртіпте берілетін және бекітілетін тиісті облыстардың тізбесіне өзгертулер енгізіледі.

Әкімшілік аудандар қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда есепті кварталдарды анықтау және оларға кодтар беру мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1. Ірілендірілетін (базалық) әкімшілік ауданда есепті кварталдардың кадастрлық нөмірлері өзгертілмейді.

Жер-кадастрлық аймақтандыру материалдарына түзетулер енгізу тек қана

таратылатын (қайта құрылған) аудан аймағының тек оған қосылатын бөлігінде жүргізіледі.

2. Елді мекендердің, бау шаруашылығы кооперативтерінің, ауыл шаруашылық және таратылған (қайта құрылған) ауданның басқа да мекемелерінің жер учаскелерінен бұрын құрылған есепті кварталдар мүмкіндігінше сақталады. Керек болғанда оларды нақтылау жүргізіледі.

3. Темір және автомобиль жолдары, байланыс желілері және басқа желілі объектілер алып жатқан, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының, орман қорының және т.т. жер учаскелерінен құрылған есептегі кварталдар ірілендірілген ауданның толық сай келетін кварталдарымен бірігуі мүмкін.

4. Таратылған (қайта құрылған) ауданның есепті кварталдарына олар берілетін әкімшілік ауданның есепте бар кварталдарының нөмірлерінен кейін келесі реттік нөмірлер беріледі.

5. Біріккен есепті кварталдардың оларға ірілендірілген ауданда берілген реттік нөмірлері сақталады.

6. Есепті кварталдарға кадастрлық нөмірлер берудің реті тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 3.12 тармағына сәйкес жүргізіледі.

7. Таратылған (қайта құрылған) ауданның аумағына есепті кварталдардың саны мен атауы белгіленгеннен кейін есепті кварталдарға берілетін кодтардың қосымша тізбесі және қосымша жер-кадастрлық карта (сызба) жасалады. Оларды жасау тәртібі тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 3.13 тармағында және 2, 3 қосымшаларында айтылған.

8. Таратылған (қайта құрылған) аудан аумағының жер-кадастрлық картасы (сызбасы) жасалғанда бұрынғы жер-кадастрлық картасына (сызбасына) түзетулерге жол беріледі. Бұл ретте есепті кварталдардың ескі кодтары сызып тасталады (бірақ оларды оқу мүмкіншілігі сақталуы керек), ал жанына қарсымен аудан қайта құрылғаннан кейін берілген, оған есепті кварталдардың жаңа кодтары жазылады.

9. Аудандар қайта құрылғанда аздаған өзгерістер болғанда аудандық атқарушы орган қайта бекітетін есепті кварталдардың кодтарының жалпы тізімі мен жалпы жер-кадастрлық картасы (сызба) қайта жасалуы мүмкін.

10. Есепті кварталдарға берілетін қосымша кодтар тізімін және жер-кадастрлық картаны (сызбаны) аудандық атқарушы орган бекітеді және тиісті қаулымен ресімдейді.

11. Жоғарыда аталған жұмыстарды жүргізуге кеткен шығындар Қазақстан Республикасының Мемжеркомы 1996 жылғы 26-шілдеде бекіткен "Тіркеу мақсаты үшін есепті кварталдарды белгілеу жөніндегі жер-кадастрлық

аймақтарға бөлуді жүргізу жұмыстар құнына" жұмыстарының көлеміне байланысты төмендеткіш коэффициентпен анықталады.

12. Таратылатын (қайта құрылатын) ауданның есепті кварталдарының шегінде жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру тіркеу мақсаты үшін жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берудің бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 4-тарауына (Алматы, 1996 ж.) сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте жер учаскелеріне берілген нөмірлер сақталады және кезекті кадастрлық нөмірлер оларға аудан құрылғанға дейінгі есепті кварталдағы бар жер учаскелерінің нөмірлерінің соңынан беріледі.

13. Таратылған (қайта құрылған) аудан аумағындағы, жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығы берілген жер учаскесінің кадастрлық нөмірін өзгерту жерге құқын куәландыратын құжаттар қайта ресімделген кезде жүргізіледі.

Қосымша

Қайта құрылатын немесе таратылатын әкімшілік ауданның есепті кварталдарына кадастрлық нөмірлер беру тәртібі (қайта құрылатын немесе таратылған әкімшілік аудан қосылатын әкімшілік аудандағы есепті кварталдың соңы реттік нөмірі 210 тең болды).

Есепті кварталдардың атаулары	Аудан қайта құрылғанға дейінгі есепті квар. талдардың кодтары	Аудан қайта құрылғаннан кейінгі есепті квар. талдардың кодтары
Самбай селосы	001	211
Орел бау шаруашылығының кооперативі	002	212
Алға акционерлік қоғамының шекараларындағы жер учаскелері (солтүстік бөлігі)	003	213
Алға акционерлік қоғамының шекараларындағы жер учаскелері (солтүстік бөлігі)	004	214
Ильинка с. (батыс бөлігі)	005	215
Ильинка с. (шығыс бөлігі)	006	216

Алға қаласының бау шаруашылықтарының елді мекен алабы	007	217
Весна, Алға, Осень бау шаруашылығы кооперативтерінің елді мекендер алабы	008	218
Хлебобоб шаруа қожалықтарының ассоциациясының шекараларындағы жер учаскелері	009	219
Весна ауыл шаруашылығы кооперативінің шекараларындағы жер учаскелері	010	220
Теміржол көлігінің жерлері	011	221
Автомобиль көлігінің жерлері (бірлескен)	012	209

ЕСКЕРТУ. Нұсқаулыққа толықтыру енгізілді - ҚР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997.03.04. N 40 бұйрығымен .

№ 1 қосымша

Әкімшілік-аумақтық құрылымдарды кадастрлық нөмірдің есепті деңгейіне жатқызу тәртібі

Әкімшілік-аумақтық құрылымдардың атауы	Есепті деңгейлері		
	1	2	3
1. Республикалық маңызы бар қала		+	
1.1. Аудан			+
1.1.1. Шағын (мөлтек) аудан, оның бөлігі			+
1.1.2. Бау шаруашылығы кооперативі (серіктестігі) оның бөлігі (бау шаруашылығы кооперативінің (серіктестіктердің) жиынтығы			+

2. Әкімшілік облыс			+	
2.1. Облыстық маңыздағы қала				+
2.1.1. Аудан оның бөлігі, квартал				+
2.1.2. Бау шаруашылығы кооперативі (серіктестігі) оның бөлігі (бау шаруашылығы кооперативтерінің (серіктестіктерінің) жиынтығы)				+
2.2. Әкімшілік аудан				+
2.2.1. Елді мекен (оның бөлігі)				+
2.2.2. Бау шаруашылығы кооперативі (серіктестігі) оның бөлігі (бау шаруашылығы кооперативтерінің (серіктестіктерінің) жиынтығы)				+
2.2.3. Акционерлік қоғамдар, ауылшаруашылығы кәсіпорындарының шектерінде оларды мемлекет иелігінен алғанға және қайта құрылғанға дейін пайда болған ауылшаруашылығы кооперативтері, шаруа қожалықтары және өзге жер пайдаланушылар				+
2.2.4. Теміржол көлігінің жерлері				+
2.2.5. Автомобиль көлігінің жерлері				+
2.2.6. Су шаруашылығы объектілерінің жерлері				+
2.2.7. Электр, байланыс желілерінің аумағындағы ж е р л е р				+
2.2.8. Мұнай құбырлары алып жатқан жерлер				+
2.2.9. Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының, орман қоры мен босалқы жерлер және т.б.				+

Ескерту: саны 700 дейін жер учаскелері бар есепті кварталдар.

№ 2 қосымша

Ақтөбе облысы
Алға ауданы әкімінің
1996 жылғы "___" _____
№ _____ қаулысына

қосымша

**Ақтөбе облысы (02) Алға ауданының (022) жер
учаскелеріне кадастрлық нөмір құру мақсаты үшін
есепті кварталдарға берілетін кодтар тізімі**

Есепті кварталдардың атаулары	Есепті кварталдың коды
Самбай селосы	001
Орел бау шаруашылығының кооперативі	002
Алға акционерлік қоғамы (солтүстік бөлігі)	003
Алға акционерлік қоғамы (оңтүстік бөлігі)	004
Ильинка селосының батыс бөлігі	005
Ильинка селосының шығыс бөлігі	006
Алға қаласының бау шаруашылықтарының елді мекен алабы	007
Весна, Алға, Осень бау шаруашылығы кооперативтерінің елді мекендер алабы	008
Хлеброб шаруа қожалықтарының ассоциациясы	009
Весна ауыл шаруашылығы кооперативі	010
Теміржол көлігінің жерлері	011
Автомобиль көлігінің жерлері	012

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК